

"Киіз басу өндірісі" кәсіби стандартын бекіту туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 476 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 14 мамырда № 9424 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 30 қаңтардағы № 60 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.01.2023 № 60 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 138-5-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріп отырған "Киіз басу өндірісі" кәсіби стандарты бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (Б.А. Қасымбеков) заңнамада белгіленген тәртіпте:
 - 1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;
 - 3) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің интернет-ресурсында осы бұйрықтың орналасуын қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы бұйрық оның алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Индустрия
және жаңа технологиялар министрінің
міндетін атқарушы

А.Рау

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі

"Киіз басу бұйымдары өндірісі" кәсіби стандарты

1. Жалпы ережелер

1. "Киіз басу бұйымдары өндірісі" кәсіби стандарты (одан әрі КС) біліктілік деңгейіне, құзыреттікке, еңбек мазмұны, сапасы мен шарттарына қойылатын талаптарды анықтайды және мына мақсаттарға арналған:

- 1) кәсіби қызмет мазмұнына қойылатын бірыңғай талаптарды белгілеуге;
- 2) еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға;
- 3) персоналды басқару саласында бірқатар міндеттер шеңберін шешуге;
- 4) білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеуге, сондай-ақ тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;
- 5) мамандардың кәсіби даярлығына бағалау мен біліктілігінің сәйкестігіне растау жүргізуге арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

- 1) білім беру ұйымдарының түлектері, қызметкерлері;
- 2) ұйым басшылары мен қызметкерлері, ұйымның персоналды басқару бөлімшесінің басшылары мен мамандары;
- 3) білім беру стандарттарын әзірлейтін мамандар;
- 4) мамандардың кәсіби даярлығына бағалау және біліктілігінің сәйкестігіне растау саласындағы мамандар болып табылады.

3. КС негізінде қызметтің функционалдық үлгілеріне, лауазымдар, біліктілікті арттыру, қызметкерлерді аттестаттау, еңбекті ынталандыру жүйесі мен басқаларына арналған ішкі, ұжымдық стандарттар әзірлене алады.

4. Осы КС мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

- 1) біліктілік – қызметкердің еңбек қызметінің нақты түрі шеңберінде нақты қызметтерді сапалы орындауына даярлығы;
- 2) біліктілік деңгей – күрделілігі параметрлері, стандартты емес еңбек шарттары, жауаптылығы және дербестігі бойынша тарамдалатын қызметкердің құзыреттігіне қойылатын талаптар жиынтығы;
- 3) еңбек заты – нақты еңбек құралдарының көмегімен өнім құру мақсатында қызметкердің әрекеті бағытталған зат;

4) еңбек құралы – еңбек затын бастапқы жағдайдан өнімге түрлендіру үшін қызметкер пайдаланатын құралдар;

5) еңбек қызметінің түрі-еңбек қызметтерінің бүтін жинағымен және оларды орындау үшін қажетті құзыреттіктермен қалыптастырылған кәсіби қызмет саласында құрамдас бөлік;

6) еңбек функциясы – еңбек процесінің бір немесе бірнеше міндеттерін шешуге бағытталған өзара байланысты әрекеттер жинағы;

7) кәсіби қызмет саласы – жалпы біріктірілген негізге ие (балама және жуық арналулар, нысандар, технологиялар, оның ішінде еңбек құралдары) және оларды орындау үшін еңбек қызметтері мен құзыреттіктердің ұқсас жинағын болжайтын саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) КС – кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттілікке, мазмұны, сапасы мен еңбек әрекеттеріне қойылатын талаптарды анықтайтын стандарт;

9) КС бірлігі – бүтін, аяқталған, салыстырмалы автономды және осы еңбек қызметінің түрі үшін мәнді болып табылатын нақты еңбек қызметінің тарамдалған сипаттамасынан тұратын кәсіби стандарттың құрылымдық элементі;

10) кәсіп – арнайы теориялық білім мен арнайы даярлық нәтижесінде алынған практикалық дағды, жұмыс тәжірибесінің кешенін иеленуді талап ететін еңбек қызметінің тегі;

11) құзыреттік – еңбек қызметінде білімін, дағды мен тәжірибесін қолдану қабілеті;

12) лауазым – ұйымның ұйымдастыру-әкімшілік сатысы жүйесінде функционалдық орын;

13) міндет – еңбек қызметін іске асырумен және нақты заттар мен еңбек құралдарын пайдаланумен нәтижеге жетумен байланысты әрекеттер жиынтығы;

14) сала – олар үшін шығарылатын өнім, өндіріс технологиясы, негізгі қорлар мен жұмыскерлердің кәсіби дағдыларының жалпылығы тән болатын кәсіпорындар мен ұйымдар жиынтығы;

15) салалық біліктіліктің шеңбері (одан әрі СБШ) – салада танылатын біліктілік деңгейлерін құрылымдық сипаттау;

16) ұлттық біліктіліктің шеңбері (одан әрі ҰБШ) – еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы;

17) функционалдық карта – кәсіби қызметтің сол не басқа саласы шеңберінде қызметкердің нақты түрін орындайтын еңбек қызметтері мен міндеттерін құрылымдық сипаттау.

2. КС паспорты

5. КС паспорты келесіні анықтайды:

1) экономикалық қызмет түрі (кәсіби қызмет саласы): ҚР МЖ 03-2007 13.00
Басқа санаттарға кірмеген өзге тоқыма бұйымдарының өндірісі.

2) экономикалық қызмет (кәсіби сала) түрінің негізгі мақсаты: Киіз басу бұйымдары өндірісі бұйымдарын өндіру. КС "Киіз басу бұйымдары өндірісі" кәсіби қызмет саласында еңбек мазмұны, сапасы, шарттары, қызметкерлер біліктілігі мен құзыреттігіне қойылатын талаптарды белгілейді

3) еңбек қызметінің, кәсіп түрлері, біліктілік деңгейлері осы КС 1-қосымшада келтірілген. Стандарт талаптары осы саладағы "басушы, қышқылдандырушы, Киіз басу бұйымдарын әрлеуші, киіз ораушы, техник-технолог" кәсібіне қатысты болады.

3. "Басушы" еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкалары

6. Еңбектік қызметінің (кәсіптің) түр карточкасы құрайды:

1) СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3

2) лауазымның мүмкін болатын атаулары: басушы.

3) "Басушы" кәсібі субъектінің маманға түрлі жүйелі басу машиналарында Киіз басу бұйымдарын басу процесін жүргізу негізгі қызметті іске асырумен болатын міндеттерді білу мен орындай білуді міндеттейді. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы КС 2-қосымшаның 1-кестесінде келтірілген.

4) басушының еңбек әрекеттеріне, жұмыс тәжірибесі мен біліміне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

5) КС бірлігінің тізбесі осы КС 2-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

6) басушы орындайтын еңбек әрекеттерін, КС бірлігін сипаттайтын функционалдық карта осы КС 2-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

7) басушы құзыретіне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшаның 5-кестесінде келтірілген.

4. "Қышқылдандырушы" еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкалары

7. Еңбектік қызметінің (кәсіптің) түр карточкасы құрайды:

1) СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3

2) лауазымның мүмкін болатын атаулары: қышқылдандырушы

3) "Қышқылдандырушы" кәсібі субъектінің Киіз басу бұйымдарын түрлі жүйелі қышқылдандыру жабдығында қышқылдандыру бойынша негізгі қызметті іске асырумен болатын міндеттерді білу мен орындай білуді міндеттейді. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы КС 3-қосымшаның 1-кестесінде келтірілген.

4) қышқылдандырушының еңбек әрекеттеріне, жұмыс тәжірибесі мен біліміне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

5) КС бірлігінің тізбесі осы кәсіби стандартқа 3-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

6) қышқылдандырушы орындайтын еңбек әрекеттерін, КС бірлігін сипаттайтын функционалдық карта және құзыреттілікке қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

7) қышқылдандырушы құзыретіне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшаның 5-кестесінде келтірілген.

5. "Киіз басу бұйымдарын әрлеуші" еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкалары

8. Еңбектік қызметінің (кәсіптің) түр карточкасы құрайды:

1) СБШ бойынша біліктілік деңгейі– 1-3

2) лауазымның мүмкін болатын атаулары: Киіз басу бұйымдарын әрлеуші

3) "Киіз басу бұйымдарын әрлеуші" кәсібі субъектінің технологиялық режимге сәйкес Киіз басу бұйымдарын әрлеу бойынша негізгі қызметті іске асырумен болатын міндеттерді білу мен орындай білуді міндеттейді. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы КС 4-қосымшаның 1-кестесінде келтірілген.

4) киіз басу бұйымдарын әрлеушінің еңбек әрекеттеріне, жұмыс тәжірибесі мен біліміне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

5) КС бірлігінің тізбесі осы КС 4-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген

6) киіз басу бұйымдарын әрлеуші орындайтын еңбек әрекеттерін, кәсіби стандарт бірлігін сипаттайтын функционалдық карта және құзыреттілікке қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

7) киіз басу бұйымдарын әрлеуші құзыретіне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшаның 5-кестесінде келтірілген.

6. "Киіз ораушы" еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкалары

9. Еңбектік қызметінің (кәсіптің) түр карточкасы құрайды:

1) СБШ бойынша біліктілік деңгейі– 2-3

2) лауазымның мүмкін болатын атаулары: Киіз ораушы

3) "Киіз ораушы" кәсібі субъектінің түрлі жүйелі киіз орайтын машиналарда киіз орау бойынша негізгі қызметті іске асырумен болатын міндеттерді білу мен орындай білуді міндеттейді. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы КС 5-қосымшаның 1-кестесінде келтірілген

4) киіз ораушының еңбек әрекеттеріне, жұмыс тәжірибесі мен біліміне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

5) КС бірлігінің тізбесі осы КС 5-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

6) киіз ораушы орындайтын еңбек әрекеттерін, КС бірлігін сипаттайтын функционалдық карта және құзыреттілікке қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

7) киіз ораушы құзыретіне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшаның 5-кестесінде келтірілген.

7. "Техник-технолог" еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкалары

10. Еңбектік қызметінің (кәсіптің) түр карточкасы құрайды:

1) СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 4-5

2) лауазымның мүмкін болатын атаулары: Шебер

3) "Техник-технолог" кәсібі субъектіге Киіз басу бұйымдарын өндіру процесін ұйымдастырумен, өнім сапасын, еңбек өнімділігін және жабдықтарды қамтамасыз етумен байланысты міндеттерді білу мен орындауды міндеттейді. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс осы КС 6-қосымшаның 1-кестесінде келтірілген.

4) техник-технолог еңбек әрекеттеріне, жұмыс тәжірибесі мен біліміне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген.

5) КС бірлігінің тізбесі осы КС 6-қосымшаның 3-кестесінде келтірілген.

6) техник-технолог орындайтын еңбек әрекеттерін, КС бірлігін сипаттайтын функционалдық карта және құзыреттілікке қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшаның 4-кестесінде келтірілген.

7) техник-технолог құзыретіне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшаның 5-кестесінде келтірілген.

8. Осы КС негізінде берілетін сертификаттар түрлері

11. Мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктілігінің сәйкестігін растау саласындағы ұйымдар осы КС негізінде сертификаттар береді.

12. Осы КС негізінде берілетін сертификаттар түрлері игерілуі осы КС 2-6-қосымшаларының 3-кестесінде қарастырылған сертификат алу үшін қажетті КС бірліктерінің тізіліміне сәйкес анықталады.

9. КС әзірлеушілер, келісу парағы, сараптама жасау және тіркеу

13. КС әзірлеугі Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі болып табылады.

14. Келісу парағы, КС сараптамасы мен тіркелуі осы КС 7-қосымшасында келтірілген.

"Киіз басу бұйымдары өндірісі"
кәсіби стандартына
1-қосымша

1-кесте. Қызмет, кәсіп түрлері, біліктілік деңгейлері

| № р/с | Еңбек қызметі түрінің атауы | Еңбек нарығы үрдісін есепке ала отырып кәсіп атауы | ҚР Қызметтердің мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес кәсіп атауы (ҚР МЖ 01-2005) | Салалық біліктілік шеңберінің (СБШ) біліктілік деңгейі |
|-------|--|--|--|--|
| 1 | Ауғыш жүн | Басушы | Басушы | 3-4 |
| 2 | Ж ү н д і қышқылдандыру | Қышқылдандырушы | Қышқылдандырушы | 3 |
| 3 | Киіз басу бұйымдарын әрлеу | Киіз басу бұйымдарын әрлеуші | Киіз басу бұйымдарын әрлеуші | 1-3 |
| 4 | Жүнді орау | Киіз ораушы | Киіз ораушы | 2-3 |
| 5 | Киіз басу бұйымдары өндірісін ұйымдастырып бақылау | Техник-технолог | Техник-технолог | 4 |

"Киіз басу бұйымдары өндірісі"
кәсіби стандартына
2-қосымша
1-кесте

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс

| | |
|---|---|
| Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіптердің жіктеуіші (МКЖ) | |
| Базалық топ | 7434 Киіз басу өндірісіне қатысатын жұмыскерлер |
| Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА) | |
| БТБА шығарылымы, бөлімі | 44-шығарылым, "Киіз басу бұйымдары өндірісі" бөлімі |
| БТБА бойынша кәсіп | Басушы |
| Салалық біліктілік шеңберінің (СБШ) біліктілік деңгейі | БТБА бойынша разрядтар |
| 3 | 3-4 |
| 4 | 5 |

2-кесте

Еңбек шарттарына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | |
|--|--|
| | |
|--|--|

| | | |
|--|--|---------------------------------|
| Кәсіп бойынша мүмкін болатын жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйымдар) | Киіз басу бұйымдарын өндіру бойынша кәсіпорындар | |
| Зиянды және қауіпті факторлар, еңбек шарттары | Машиналар мен тетіктердің айналатын бөліктері, электр жабдығы, бу | |
| Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары | Медициналық кері көрсеткіштердің және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау беруден өтудің болмауы | |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 3 | Білім беру ұйымы негізінде бір жылға дейін кәсіби даярлық бағдарламасы бойынша курстар немесе жалпы орташа білімі немесе негізгі орта білім негізінде техникалық және кәсіби білімі немесе практикалық тәжірибесіз жалпы орта білімі болған жағдайда кәсіпорында оқу | Талап етілмейді |
| 4 | Жоғары дәрежедегі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби даярлық), практикалық тәжірибе | Кемі 3 жыл 3 деңгейде |

3-кесте

КС бірліктерінің тізбесі

| Еңбек қызметінің шифрі | Еңбек функциясының атауы |
|------------------------|--|
| Ф 1 | Шикізатты, материалдарды, жабдықтарды, құрал-сайманды дайындау |
| Ф 2 | Түрлі жүйелердегі басу машиналарында жүнді басу процесін жүргізу |
| Ф 3 | Жабдыкқа және жұмыс орнына күтім жасау |

4-кесте

КС бірліктерін сипаттау (функционалдық карта)

| Еңбек қызметінің шифрі | Еңбек заттары | Еңбек құралдары | Міндеттер (еңбек әрекеті) |
|------------------------|--|---|--|
| Ф 1 | Технологиялық карталар мен өндіріс схемасы | Технологиялық (техникалық) құжатты әзірлеу қағидасы мен талаптары | 3 1.1: Қызмет көрсетілетін жабдықты іске қосуға дайындығын тексеру |
| | Өндірістік пән, өнеркәсіптік санитария, үй - ж а й д ы ң температуралық-ылғал режимі | Бақылау әдістері мен түрлері | 3 1.2: Илеу ерітіндісін дайындайтын аспапты дайындау |
| | | | 3 2.1.: Түрлі жүйелі басу машиналарында аяқ киімді басу процесін жүргізу. Бас киімдерін қорытынды басу. Бұйымды қызмет |

| | | |
|---|-------------------------------------|--|
| Шикізат, материалдар, дайын өнім, жуғыш ерітінділер | Сапаны бақылау әдістері мен түрлері | көрсетілетін машинаға жүктеу. Басу ерітіндісінің температурасын, жұмысшы органдарда қысым деңгейін және түйгіштеу машиналарында бұйымның айналуын, жұмысшы білік пен көп білікті машиналарда қатарлар арасында ажырауды, бұйымның тарылу дәрежесін реттеу. Желілік өлшеулер, нысандар, бұйым тығыздығын, оларды басу процесіне негіздеуге бақылау. Басылған аяқ киімді керу станогында талап етілетін нысанға дейін жазып созу, істікте өкшесін қалыптастыру. Басудың аяқталу сәтін анықтау. Бұйымды түсіру және тасымалдау. |
| Технологиялық жабдық | Бақылау әдістері мен түрлері | 3 2.2: Түрлі жүйелі басу машиналарында киіз бен киіз қырнау шеңберлерін басу процесін жүргізу. Басу машинасының жғдайын тексеру және оны берілген бұйымды өңдеу үшін реттеу. Басу ерітіндісін дайындау және оның шоғырын тексеру. Бұйымды дайындау және оны басу машинасына жүктеу немесе тиеу |
| Тапсырыс, мақсаттар, өндірістік міндеттер | Ұйымдастыру-басқару аспабы | 3 2.3: Басудың су және температуралық режимдерін реттеу, бұйымды айналдыру, жұмысшы органның қысым деңгейлерін, түйгіштеу машинасының барқаларының жұмысшы көлемдерін, жгут басу мен бірнеше илегіш машиналарда басу кезеңінде жұмысшы органдарының арасының ашылуын реттеу. Бұйым нысаны, желілік |

| | | | |
|-----|---|--|---|
| | | | өлшемдері, тығыздығын бақылау және оны басу барысында түзету. Бұйымның басылу қасиетіне және техникалық талаптарға сәйкес отыру дәрежесін реттеу. Басудың аяқталу сәтін анықтау. Бұйымды түсіру және тасымалдау |
| Ф 3 | Жабдық тораптары мен тетіктері, жұмысшы орын беті | Жабдыққа күтім жасау ережелері мен графиктері, ауысымды қабылдау және тапсыру ережесі, қауіпсіздік техникасы ережесі | 3 3.1: Жабдықты тазарту, жұмыс орнын жинастыру |
| | Шикізат, материалдар шығыны, дайындалған өнім көлемдері | Журналдар, құжаттама, жүргізу ережесі | 3 3.2: Шикізат, материалдар, дайындалған өнімге есеп жүргізу, қабылданған құжаттаманы жүргізу |

5-кесте

| Құзыреттікке қойылатын талаптар 3-деңгейдегі СБШ | | | |
|---|---|---|---|
| Міндет шифрі | Тұлғалық және кәсіби құзыреттер | Білік пен дағдылар | Білімі |
| 3 2.1 | <p>Дербестік: типтік жағдайда дербестігін және кәсіби қызметтің күрделі жағдайында басшылықпен жұмысын жүзеге асыру, оқуды өзіндік ұйымдастыру.</p> <p>Жауаптылығы: жұмысты орындау нәтижесіне, өзінің және басқалардың қауіпсіздігіне; қоршаған ортаны қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік бойынша талаптарды орындауға.</p> <p>Күрделілігі: типтік практикалық міндеттерді шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекет тәсілдерін таңдау: түрлі жүйелі басу машиналарында аяқ</p> | Түрлі жүйелі машиналарда басу жүргізу дағдысы | Білуі керек: қызмет көрсетілетін жабдық құрылғысы, оны пайдалану және күтім жасау ережелері, ассортимент, өңделетін бұйым құрылымы, өлшемдері және оларға қойылатын техникалық талаптар, дайындалатын бұйымның әр түрі үшін басудың технологиялық режимдері, бұйымды басу кезінде қолданылатын материалдар; бұйымның тарылу дәрежесін реттеу тәсілдері, бұйымды |

| | | | |
|-------|--|--|--|
| | <p>киімді басу процесін жүргізу, бас киімдерді қорытынды басу</p> | | <p>басуді аяқтау сәтін анықтау әдістері</p> |
| 3 2.2 | <p>Дербестік: типтік жағдайда дербестігін және кәсіби қызметтің күрделі жағдайында басшылықпен жұмысын жүзеге асыру, оқуды өзіндік ұйымдастыру.</p> <p>Жауаптылығы: жұмысты орындау нәтижесіне, өзінің және басқалардың қауіпсіздігіне; қоршаған ортаны қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік бойынша талаптарды орындауға.</p> <p>Күрделілігі: типтік практикалық міндеттерді шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекет тәсілдерін таңдау: түрлі жүйелі басу машиналарында киіз бен киіз қырнау шеңберлерін басу процесін жүргізу</p> | <p>Түрлі жүйелі машиналарда басу жүргізу дағдысы</p> | <p>Білуі керек: қызмет көрсетілетін жабдық құрылғысы, оны пайдалану және күтім жасау ережелері, ассортимент, өңделетін бұйым құрылымы, өлшемдері және оларға қойылатын техникалық талаптар</p> |
| 3 2.3 | <p>Дербестік: типтік жағдайда дербестігін және кәсіби қызметтің күрделі жағдайында басшылықпен жұмысын жүзеге асыру, оқуды өзіндік ұйымдастыру.</p> <p>Жауаптылығы: жұмысты орындау нәтижесіне, өзінің және басқалардың қауіпсіздігіне; қоршаған ортаны қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік бойынша талаптарды орындауға.</p> <p>Күрделілігі: типтік практикалық міндеттерді шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекет тәсілдерін таңдау: басудың температуралық режимін, жұмысшы орган қысымын бақылау, бұйым сапасын бақылау</p> | <p>Басу параметрлерін басқару дағдысы, бұйым нысаны мен тығыздығына бақылау жүргізу дағдысы, басудың аяқталуын анықтау дағдысы</p> | <p>Дайындалатын бұйымның әр түрі үшін басудың технологиялық режимдерін, басу кезінде қолданылатын материалдарды, олардың қасиетін, рецептурасын, басу ерітіндісінің жұмсалыу нормасын және оның шоғырлануын анықтау қағидасын, бұйымның тарылу дәрежесін реттеу тәсілдерін, бұйымды басуді аяқтау сәтін анықтау әдістерін білу</p> |

| | | | |
|-------|---|--|--|
| 3 3.2 | <p>Өзіндік әрекет: типтік жағдайда дербестігін және кәсіби қызметтің күрделі жағдайында басшылықпен жұмысын жүзеге асыру, оқуды өзіндік ұйымдастыру</p> <p>Жауаптылығы: жұмысты орындау нәтижесіне, өзінің және басқалардың қауіпсіздігіне; қоршаған ортаны қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік бойынша талаптарды орындауға.</p> <p>Күрделілігі: типтік практикалық міндеттерді шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекет тәсілдерін таңдау:</p> <p>Шикізат, материалдар, дайындалған өнімге есеп жүргізу, қабылданған құжаттаманы жүргізу</p> | Есеп жүргізу және қабылданған құжатты жүргізу қағидалары | Шикізат, материалдар, асай-мүсей шығындарының нормалары, құжаттама жүргізу ережесі |
|-------|---|--|--|

"Киіз басу бұйымдары өндірісі" кәсіби стандартына
3-қосымша
1-кесте

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс

| | |
|---|---|
| Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіптердің жіктеуіші (МКЖ) | |
| Базалық топ | 7434 Киіз басу өндірісіне қатысатын жұмыскерлер |
| Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА) | |
| БТБА шығарылымы, бөлімі | 44-шығарылым, "Киіз басу бұйымдары өндірісі" бөлімі |
| БТБА бойынша кәсіп | Қышқылдандырушы |
| Салалық біліктілік шеңберінің (СБШ) біліктілік деңгейі | БТБА бойынша разрядтар |
| 3 | 3 |

2-кесте

Еңбек шарттарына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | |
|--|---|
| Кәсіп бойынша мүмкін болатын жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйымдар) | Киіз басу бұйымдарын өндіру кәсіпорындары |
| Зиянды және қауіпті факторлар, еңбек шарттары | Машиналар мен тетіктердің айналатын бөліктері, электр жабдығы, бу |

| | | |
|-----------------------------------|--|---|
| Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары | | Медициналық кері көрсеткіштердің және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау беруден өтудің болмауы |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 3 | Білім беру ұйымы негізінде бір жылға дейін кәсіби даярлық бағдарламасы бойынша курстар немесе жалпы орташа білімі немесе негізгі орта білім негізінде техникалық және кәсіби білімі немесе практикалық тәжірибесіз жалпы орта білімі болған жағдайда кәсіпорында оқу | Талап етілмейді |

3-кесте

КС бірліктерінің тізбесі

(кәсіптің еңбек функциялары)

| Еңбек қызметінің № | Еңбек функциясының атауы |
|--------------------|--|
| Ф 1 | Шикізат, материалдар, жабдықтар, құрал-сайманды киіз басу бұйымдарын қышқылдандыруға дайындау |
| Ф 2 | Түрлі жүйедегі қышқылдандыру машиналарында киіз басу бұйымдарын қышқылдандыру процесін жүргізу |
| Ф 3 | Жабдық және жұмыс орнына күтім жасау |

4-кесте

КС бірліктерін сипаттау

(функционалдық карта)

| Еңбек қызметінің шифрі | Еңбек заттары | Еңбек құралдары | Міндеттер (еңбек әрекеті) |
|------------------------|---|------------------------|---|
| Ф 1 | Жабдық | Аспап және жабдық | 3 1.1: Қызмет көрсетілетін жабдық бүтіндігін тексеру және оны іске қосуға дайындау |
| | Шикізат және материалдар | Аспап және жабдықтар | 3 1.2: Жұмысқа шикізат пен материалдарды дайындау |
| | Басылған аяқ киім, бас киім, киіз қырнау шеңберлері | Қышқылдандырушы жабдық | 2-1 Киіз аяқ киімді, бас киімдерді, киіздерді, киіз қырнау шеңберлерін түрлі жүйелі қышқылдау жабдықтарында технологиялық режимге сәйкес қышқылдандыру процесін жүргізу |
| | | | 3 2.2: Рецептүраға сәйкес берілген шоғырлы |

| | | | |
|-----|---|--|---|
| Ф 2 | Басылған аяқ киім, бас киім, киіз қырнау шеңберлері | Қышқылдық ерітінділер | қышқыл ерітіндісін дайындау. Процестің температуралық режимін, өңделетін бұйымдардың қышқыл ерітіндісін біртегіс және толық сіңіруін, ерітінді деңгейін реттеу. Қышқыл шоғырын анықтау, бақылау-өлшеу құралдарының көмегімен сілтілі ортаға бақылау |
| | Басылған аяқ киім, бас киім, киіз қырнау шеңберлері | Қышқылдау жабдықты машина | 3 2.3: Өңделетін бұйымдарды қызмет көрсетілетін машинаға жүктеу немесе салу. Өңделген бұйымдарды алып шығу. Өңделетін бұйымдар мен қышқылдарды тасымалдау |
| Ф 3 | Жабдық тораптары мен тетіктері, жұмысшы орын беті | Жабдыққа күтім жасау ережелері мен графиктері, ауысымды қабылдау және тапсыру ережесі, қауіпсіздік техникасы ережесі | 3 3.1: Жабдықты тазарту, жұмыс орнын жинастыру |
| | Шикізат, материалдар шығыны, дайындалған өнім көлемдері | Журналдар, құжаттама, жүргізу ережесі | 3 3.2: Шикізат, материалдар, дайындалған өнімге есеп жүргізу, қабылданған құжаттаманы жүргізу |

5-кесте

| Қышқылдаушының құзыреттігіне қойылатын талаптар 3-деңгейдегі СБШ | | | |
|---|---|--------------------|--|
| Міндет шифрі | Тұлғалық және кәсіби құзыреттер | Білік пен дағдылар | Білімі |
| | Дербестік: типтік жағдайда дербестігін және кәсіби қызметтің күрделі жағдайында басшылықпен жұмысын жүзеге асыру, оқуды өзіндік ұйымдастыру Жауаптылығы: жұмысты орындау нәтижесіне, өзінің және басқалардың қауіпсіздігіне; қоршаған ортаны қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік | | Білуі керек: қолданылатын жабдық құрылғысы, оны |

| | | | |
|-------|--|--|--|
| 3 2.1 | <p>бойынша талаптарды орындауға.</p> <p>Күрделілігі: типтік практикалық міндеттерді шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекет тәсілдерін таңдау: Киіз аяқ киімді, бас киімдерді, киіздерді, киіз қырнау жшеңберлерін түрлі жүйелі қышқылдау жабдықтарында технологиялық режимге сәйкес қышқылдандыру процесін жүргізу</p> | Түрлі жүйелі машиналарда қышқылдандыру жүргізу дағдысы | пайдалану және күтім жасау қағидасы, өңделетін бұйым ассортименты, қышқылдандырудың технологиялық режимі |
| 3 2.2 | <p>Дербестік: типтік жағдайда дербестігін және кәсіби қызметтің күрделі жағдайында басшылық қол астында жұмысын жүзеге асыру, оқуды өзіндік ұйымдастыру</p> <p>Жауаптылығы: жұмысты орындау нәтижесіне, өзінің және басқалардың қауіпсіздігіне; қоршаған ортаны қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік бойынша талаптарды орындауға.</p> <p>Күрделілігі: типтік практикалық міндеттерді шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекет тәсілдерін таңдау: рецептураға сәйкес берілген шоғырлы қышқыл ерітіндісін дайындау. Процестің температуралық режимін реттеу</p> | Қышқыл ерітіндіні дайындау дағдысы және қышқылдандыру параметрлерін реттеу | Білуі керек: бақылау-өлшеу құралдарын пайдалану қағидасы, қышқыл ерітіндісін дайындау қағидасы және оның шоғырлануын реттеу, температура мен деңгейді реттеу, қышқылдармен жұмыс істеу қағидасы, бұйымдарды қышқылдандыру процесін бақылау және реттеу тәсілдері |
| | <p>Дербестік: типтік жағдайда дербестігін және кәсіби қызметтің күрделі жағдайында басшылықпен жұмысын жүзеге асыру, оқуды өзіндік ұйымдастыру</p> <p>Жауаптылығы: жұмысты орындау нәтижесіне,</p> | | |

| | | | |
|-------|--|---|---|
| 3 2.3 | өзінің және басқалардың қауіпсіздігіне; қоршаған ортаны қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік бойынша талаптарды орындауға. Күрделілігі: типтік практикалық міндеттерді шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекет тәсілдерін таңдау: өңделетін бұйымдарды қызмет көрсетілетін машинаға жүктеу немесе салу. Өңделген бұйымдарды алып шығу | Бұйымды тиеу және түсіру, бұйымды тасымалдау және қышқыл ерітіндісін тасымалдау дағдысы | Көтеру-тасымалдау тетістерінің жұмысы мен пайдалану қағидаларын, қышқылдар мен сілтілерді тасымалдау және сақтау қағидаларын білу |
| 3 3.2 | Өзіндік әрекет: типтік жағдайда дербестігін және кәсіби қызметтің күрделі жағдайында басшылықпен жұмысын жүзеге асыру, оқуды өзіндік ұйымдастыру Жауаптылығы: жұмысты орындау нәтижесіне, өзінің және басқалардың қауіпсіздігіне; қоршаған ортаны қорғау және өртке қарсы қауіпсіздік бойынша талаптарды орындауға. Күрделілігі: типтік практикалық міндеттерді шешу, білім мен практикалық тәжірибе негізінде белгілі әрекет тәсілдерін таңдау: Шикізат, материалдар, дайындалған өнімге есеп жүргізу, қабылданған құжаттаманы жүргізу | Есеп жүргізу және қабылданған құжатты жүргізу қағидалары | Шикізат, материалдар, асай-мүсей шығындарының нормалары, құжаттама жүргізу ережесі |

"Киіз басу бұйымдары өндірісі"
кәсіби стандартына
4-қосымша
1-кесте

Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланыс

| | |
|---|---|
| Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіптердің жіктеуіші (МКЖ) | |
| Базалық топ | 7434 Киіз басу өндірісіне қатысатын жұмыскерлер |
| Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (БТБА) | |

| | |
|--|---|
| БТБА шығарылымы, бөлімі | 44-шығарылым, "Киіз басу бұйымдары өндірісі" бөлімі |
| БТБА бойынша кәсіп | Киіз басу бұйымдарын әрлеуші |
| Салалық біліктілік шеңберінің (СБШ) біліктілік деңгейі | БТБА бойынша разрядтар |
| 1 | 1 |
| 2 | 2 |
| 3 | 3-4 |

2-кесте

Еңбек шарттарына, біліміне және тәжірибесіне қойылатын талаптар

| | | |
|--|--|---------------------------------|
| Кәсіп бойынша мүмкін болатын жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйымдар) | Киіз басу бұйымдарын өндіру кәсіпорындары | |
| Зиянды және қауіпті факторлар, еңбек шарттары | Машиналар мен тетіктердің айналатын бөліктері, электр жабдығы, бу, қышқыл | |
| Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары | Медициналық кері көрсеткіштердің және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау беруден өтудің болмауы | |
| СБШ біліктілік деңгейі | Кәсіби білім беру мен оқыту деңгейі | Талап етілетін жұмыс тәжірибесі |
| 1 | Жұмыс орнында қысқа мерзімді оқу (нұсқаулық) және/немесе бастауыш білімнен төмен емес негізгі орта білімі болған жағдайда қысқа мерзімді курстар | Талап етілмейді |
| 2 | негізгі орта білімнен төмен емес негізгі орта жалпы білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби даярлық (білім беру ұйымы негізінде кәсіби даярлық бағдарламалары бойынша бір жылға дейін курстар немесе кәсіпорында оқу) | 1 жыл 1-деңгейде |
| 3 | Жалпы орта білімі немесе негізгі орта білім не практикалық тәжірибесіз орта жалпы білімі болған жағдайда техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби даярлық (білім беру ұйымы негізінде кәсіби даярлық бағдарламалары бойынша бір жылға дейін курстар немесе кәсіпорында оқу) | 2 жыл 3-деңгейде |

3-кесте

КС бірліктерінің тізбесі

(кәсіптік еңбектік функциясы)

| | |
|------------------------|---|
| Еңбек қызметінің шифрі | Еңбек функциясының атауы |
| Ф 1 | Жабдықтар, құрал-сайманды, материалдарды Киіз басу бұйымдарын әрлеуге дайындау. Бұйымды алдын ала тазарту жұмысын жүргізу |
| | |

| | |
|-----|---|
| Ф 2 | Киіз басу бұйымдарын әрлеу процесін жүргізу. Технологиялық параметрлерді бақылау |
| Ф 3 | Жабдық және жұмыс орнына күтім жасау |

4-кесте

КС бірліктерін сипаттау

(функционалдық карта)

| Еңбек қызметінің шифрі | Еңбек заттары | Еңбек құралдары | Міндеттер (еңбек әрекеті) |
|------------------------|--|-----------------------------|---|
| Ф 1 | Жабдық пен аспапқа қызмет көрсету | Көмекші аспаптар мен жабдық | 3 1.1: Қызмет көрсетілетін жабдық пен құрал-саймандың бүтіндігін тексеру, оның жұмысқа дайындау. Киіз басу бұйымдарын әрлеу үшін дайындық жұмыстарын жүргізу. Қолмен бөгде қоспаларды алып тастау, қалпақтар, киіз аяқ киім, киізбен, киіз бұйымдарынан май дақтарын және шайырларды кетіру, үлбірден кесілмей қалған қалдықтарын кетіру |
| | Қалпақтар, басылған аяқ киім, киіздер, киіз бұйымдар | Көмекші аспаптар мен жабдық | 3 1.2: Жұмысқа шикізат пен материалдарды дайындау |
| | Басылған аяқ киім балтырлары | Көмекші аспаптар мен жабдық | 3 2-1 Технологиялық режимге сәйкес тазартатын жартылай автоматта Басылған аяқ киім балтырынан қылшықтарды алып тастау. Жұмысшы органдар ажырауын немесе бұйымдардың тазартқыш жартылай автоматтың жұмысшы органдарына қысылу дәрежесін реттеу. Өңделетін бұйымды салу мен алып шығу, Балтырларында қылшықтың алыну тегістігін, Басылған аяқ киім қалыңдығының біртегістігін бақылау |

Қалпақтар, басылған аяқ киім, киіздер, киіз бұйымдар

Дірілдетіп қырнау машинасы, туралау станогы, тазарту станогы

3 2.2: Дірілдетіп қырнау машинасында тегіс әсерді құрумен бұйымды қорытынды әрлеу, бас киімдерді туралау станогында тегістеу, тазарту станогында бұйымнан қылшықтарды кетіру, фетр аяқ киімге қорытынды нысан беру. Тығырық немесе дірілдеткіш басын қағаз, кенеп немесе фетрмен жабу, ассортимент мен өңдеуді қайталауға байланысты оның тербелу амплитудасын белгілеу, ассортиментға сәйкес туралау бастарын келтіру, ажыратылымды, жетекші білік параллельдігі мен жұмысшы біліктерді реттеу. Бас киімді щеткамен, киізбен, буланған матамен, спиртмен, маймен, сумен жылтыратылғанша немесе туралау станогында тиісті қылшық бағытын алғанша өңдеу, өңделген киімді күйдіру. Туралау сапасын, тегістелу әсерін, түсі мен қалыңдығы бойынша бас киім біртектілігін бақылау. Қылшықтың біртегіс алынуын, өңделетін бұйым қалыңдығы мен нысанын бақылау

Қалпақтар, басылған аяқ киім, киіздер, киіз бұйымдар

Дірілдетіп қырнау машинасы, туралау станогы, тазарту станогы

3 2.3: Фетр бас киімдерін дірілдетіп қырнау машиналарында қорытынды әрлеу, бас киімдердің бетінде күдері және басқа әсерлер құру, бас киімдерді дірілдетіп қырнау машинасына салу, бас киімдерін әрлеу мен дірілдетіп қырнау машинасының әрлеу бетіне отырғызу жылдамдығын реттеу,

| | | | |
|-----|---|---|---|
| | | | түсі мен қалыңдығы бойынша бас киім біртектілігін бақылау. Бас киімнің күдері әсерінің сапасын бақылау . Дайын бас киімдерін дірілдетіп қырнау машинасынан шешіп алу және оларды жинақтау |
| Ф 3 | Жабдық тораптары мен тетіктері, жұмысшы орын беті | Жабдыққа күтім жасау ережелері мен графиктері , ауысымды қабылдау және тапсыру ережесі, қауіпсіздік техникасы ережесі | 3 3.1: Жабдықты тазарту, жұмыс орнын жинастыру |
| | Шикізат, материалдар шығыны, дайындалған өнім көлемдері | Журналдар, құжаттама, жүргізу ережесі | 3 3.2: Шикізат, материалдар, дайындалған өнімге есеп жүргізу, қабылданған құжаттаманы жүргізу |

5-кесте

| Мақта өндірісі операторының құзыреттігіне қойылатын талаптар 1-деңгейдегі СБШ | | | |
|--|---|---|--|
| Міндет шифрі | Тұлғалық және кәсіби құзыреттер | Білік пен дағдылар | Білімі |
